Келісілді: ________
«Айгөлек» МКҚК бөбекжайы
әдіскері: Жанбыршина.С.Б

31.08.2022
(күні,айы,жылы)
№ 1педагогикалық кеңесінің
шешімінде қабылданды

Бекітілді: ________
«Айгөлек» МКҚК бөбекжайы
меңгерушісі: А.А.Ибрашева

# *«Балдәурен» аралас ересек тобында ұйымдастырылған сурет салу іс-әрекетінің перспективалық жоспары (2022-2023 оқу жылы)*

***Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева***

## Түсінік хат

Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сай жасақталды. Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. Бұл жоспарда әр топ бойынша оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелер анық көрсетілді.

Бұл ұйымдастырылған –іс әрекет Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу мақсаттары қамтылды.

«Келісілді»
«Айгөлек» бөбекжайы МКҚК
әдіскер :_________Жанбыршина.С.Б

«Бекітемін»
«Айгөлек» бөбекжайы МКҚК
меңгерушісі :_________Ибрашева А.А

2022-2023 оқу жылына «Балдәурен» ересек тобының ұйымдастырылған іс әрекет кестесі

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| **Ұйымдастырылған іс әрекеттер** | **Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысы)** | **Музыка (пән мұғалімі)** | **Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысы)** | **Музыка (пән мұғалімі)** | **Дене шынықтыр (дене шынықтыру нұсқаушысы)у** |
| | Қазақ тілі<br>(пән мұғалімі) | Сурет салу<br>(пән мұғалімі) | | | |

2

**2022- 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған**
**іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» бөбекжайы МКҚК
Топ: **«Балдәурен» ересек тобы**
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жыл

| Айы | Ұйымдас-тырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Сурет салу** | - Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру. **Күтілетін нәтижелер:** жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады; |
| **Қазан** | **Сурет салу** | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. **Күтілетін нәтижелер** қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады; |
| **Қараша** | **Сурет салу** | Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. **Күтілетін нәтижелер:** заттарды пішінін, түсін ескере отырып салад |
| **Желтоқсан** | **Сурет салу** | Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. **Күтілетін нәтижелер:** қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады; |
| **Қантар** | **Сурет салу** | Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. **Күтілетін нәтижелер:** қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды; |
| **Ақпан** | **Сурет салу** | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. **Күтілетін нәтижелер:** сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады; суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі; |
| **Наурыз** | **Сурет салу** | Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды |

| | | |
|---|---|---|
| | | араластыру).<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>**Күтілетін нәтижелер:** қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді; |
| **Сәуір** | **Сурет салу** | Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер біріздiлігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттейді; |
| **Мамыр** | **Сурет салу** | Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді; өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды; |

## Пайдаланылған құжаттар мен әдебиеттер тізімі:


1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,бастауыш,негізгі орта,жалпы орта,техникалық және кәсіптік,орта біліммен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірінің 2022 жылғы 3тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

3. «Бала мен балабақша» әдістемелік журнал.
4. «Мектепке дейінгі тәрбие» Республикалық әдістемелік журнал.
5. Ғылыми әдістемелік журналдар.
6. Bilimkids-Blimland сайты

5 бет бауланып мөрмен бекітілді.
«Айгөлек» бөбекжайы МКҚК
меңгерушісі:_________А.А.Ибрашева